



## 1 наурыз – Алғыс айту күні



**Құттықтау!**

### Береке мен бірліктің, ынтымақ пен ырыстың мерекесі

**Қадірлі жерлестер! Ардақты әлеумет!**  
Сіздерді келіп жеткен 1 наурыз-Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Осынау күн-өзге ұлт өкілдерінің пейілі кең қазақ халқына алғысын білдіретін айрықша мереке.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бұл күні халқымыздың бір-біріне өзара қамқорлығы, мызғымас береке-бірлігі мен ынтымағы кеңінен дәріптеледі», - деп ерекше атап өткен болатын.

Бүгінде Тәуелсіз Қазақстан түрлі сын-қатерлерден сүрінбей өтіп, береке-бірліктің, ынтымақ пен өзара түсіністіктің арқасында бел-белесті бағындырды. Қазіргі таңда тағдыр тауқыметімен елімізге орныққан өзге ұлт өкілдері Қазақстанды өз отаны санайды. Олар Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі мен дамуы жолында аянбай тер төгіп жүр. Осындай халқымыздың бірлігі, тәуелсіздігіміздің тұтастығы арқасында бәріміз бірге толағай табыстарға жетеміз.

Бұл күнде ауызбіршіліктің, татулықтың арқасында ауданымызда бірнеше ұлт өкілдері өзара түсіністікте өмір сүріп келеді. Алдағы уақытта жерлестеріміз, туған жердің көркеюі жолында еңбек етіп, бейбітшілікті ту ете береді деп сенеміз.

**Құрметті жерлестер!**  
Барша аудан тұрғындарын, туған жерді өркендеуі жолындағы еселі еңбектері үшін алғысымызды білдіреміз. Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман, әр істеріңіз берекелі болсын!

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,**  
аудан әкімі,  
**Б.БАЙҒАРАЕВ,**  
аудандық мәслихаттың хатшысы.

## Жұмысшыларға лайықты еңбекақы төленуі тиіс



Бейнебайланыс режимінде өткен кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев пен Лакшми Миттал «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының жұмысына қатысты бірқатар өзекті мәселені талқылады, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Президентке компанияның инвестициялық бағдарламасы және өндірісті ұлғайту, өнімнің жаңа түрлерін шығару, сондай-ақ Қазақстанмен алдағы уақыттағы серіктестік аясында әлеуметтік міндеттемелерді ор-

ындау жөніндегі жоспары туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ құрал-жабдықтарды жаңарту, материалдық-техникалық базаны жақсарту, кәсіпорындардағы еңбекті қорғау мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы қауіп-

сіз жұмыс ортасын қамтамасыз етудің, халықаралық қауіпсіздік талаптарын сақтаудың және қызметкерлерді оқытудың аса маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық жұмысшыларға лайықты еңбекақы төленуге тиіс екенін айтты.

Сонымен қатар «Арселор-Миттал Теміртау» компаниясының 2024 жылға қарай қалдықтарды 30 пайызға, ал 2030 жылға қарай 50 пайызға азайту, сондай-ақ осы стратегияны іске асыруға Қарағанды облысының жұртшылығын тарту үшін қабылдап жатқан шараларына ерекше назар аударылды.

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**

## Утильалым мөлшерлемесі жарияланды

Автокөлік және ауыл шаруашылығы техникасына кәдеге жарату алымы 50 пайызға дейін төмендетіледі. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр мәлім етті, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Атамекен» алаңында пікірталастың 4-5 раундын өткіздік. Оларды Экология, геология және табиғи ресурстар, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері, сарапшылық қауымдастықтар ұйымдастырды. Нағыз сарапшылар, өтірік сарапшылар, автоөндірушілер, бәрі-бәрі қатысты. Әрине, пікір өте көп. Елімізге шетелдік ескі-құсқы көліктерді кіргізу үшін утильалымды мүлдем алып тастау мәселесі де көтерілді. Отандық машина жасау саласына нұқсан келтіруге тырысқандар да болды», деді Роман Скляр «Хабар-24» телеарнасындағы «Сұхбат» бағдарламасы барысында.

Сондай-ақ, ол утильалымға қатысты теңгерімді шешім қабылданғанын атап өтті.

«Автоөнеркәсіпті ынталандыру деңгейі жалпы бізге көліктің барлық түріне және құрастырылатын ауыл шаруашылығы техникасына кәдеге жарату алымын 50 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді», деді бірінші вице-премьер.

Естеріңізге сала кетсек, Мемлекет басшысы таяуда Үкіметтің кеңейтілген отырысында утильалым төңірегіндегі дауға қатысты пікір білдірген болатын.

«Қазақстанда халықаралық жүк тасымалына 7,5 мың тіркемелі көліктер жұмыс істейді. Ресейдің халықаралық тасымалында 34 мың, Беларусь елінде 15 мың, Өзбекстанда 8 мың көлік қатысуда. Отандық кәсіпорындар нарықта орнын жоғалтуда.

Көршілерімізден ұтылып жатырмыз деген сөз. 2017 жылдан бері отандық тасымалдаушылардың халықаралық тасымал нарығындағы үлесі 1,5 еседен астам қысқарған. Сондықтан, Үкіметке бұл саладағы саясатты жетілдіру, оның ішінде утильалым бойынша ұсыныс дайындау керек», деген еді Мемлекет басшысы.

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**



БЖЗҚ-ға түсімдер құрайды, бұл - 107,2 млрд теңге (өсім 29%), МКЗЖ бойынша 7,6 млрд теңге (өсім 28%), ЕЗЖ бойынша 72 млн теңге (өсім 149%) аударылды. Сонымен қатар, бір ай ішінде таза инвестициялық табыс 10,6 млрд теңгені құрады», деп хабарлады БЖЗҚ.

2022 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 11,7 млн

## Қазақстандықтардың зейнетақы жарналары 30%-ға артты

**2022 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,1 трлн теңге сомаға зейнетақы жарналары жинақталды, деп хабарлайды Egemen.kz БЖЗҚ баспасөз қызметіне сілтеме жасап.**

Зейнетақы қорының деректері бойынша зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасып, 12,7 трлн теңгені құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 367,8 млрд теңгені, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 1,7 млрд теңгені құрады.

«2022 жылдың алғашқы айында БЖЗҚ салымшылары өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 30%-ға артық қаражат қосты. 2022 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша салымшылардың шоттарына жалпы көлемі шамамен 114,9 млрд теңге зейнетақы жарналары түсті, бұл 2021 жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 26,1 млрд теңгеге артық. Жарналардың жалпы көлемінің 93,3%-ын МЗЖ бойынша

бірлікті құрады. Шоттардың ең көп саны міндетті зейнетақы жарналары бойынша ашылды - 10 865 718 бірлік. Бұдан әрі МКЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар 550 405 бірлік, БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар саны қазір 63 471 бірлік, сонымен қатар жыл басынан бері БЖЗҚ салымшыларына 113,2 млрд теңге төледі, басым бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және емдеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдері - 97,0 млрд теңге құрады. Жасына байланысты төлемдер-6,6 млрд теңге, мұрагерлік бойынша төлемдер - 3,8 млрд теңге, ҚР шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер - 3,5 млрд теңге, сақтандыру ұйымдарына аударымдар - 1,6 млрд теңгені, жерлеуге арналған төлемдер - 0,4 млрд теңгені және мүгедектік бойынша төлемдер - 0,2 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ, БЖЗҚ кестесі бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнеткерлік жасқа толуына байланысты) 29 200 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 548 741 теңгені құрады.

**«Егемен Қазақстан» газетінен.**

## Басты құндылықтарды айқындады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан» ұлттық арнасына журналист Жайна Сламбекке берген сұхбаты арқылы қоғамның көкейінде жүрген сауалдарға кеңінен тоқталды, көп сұраққа жауап берді, сонымен қатар халқымызды біріктіретін басты құндылықтарды айқындады деген ойдамын.

Президент сұхбатында азаматтарымыздың құқығын қорғау және әрбір іс бойынша әділ шешім шығару аса маңызды екенін атап өтті.

Қазіргі таңда елімізде барлық салада жүйелі реформалар жүргізіліп келеді. Қасым-Жомарт Кемелұлы мұндағы басты мақсат елдің әл-ауқатын арттыру, әділетті қоғам құру, олигопияны жою, саяси трансформация жасау және еліміздің экономикалық дамуын жеделдету екеніне баса мән берді. Бұл халықтың талап-тілегі.

Сонымен қатар, сұхбатта қоғамға маңызды идеологиялық месседжде де назардан тыс қалған жоқ. Біз бүгінде Жаңа Қазақстанды құрамыз деген жоспардың аясына топтастық. Әрине, бұл жоспар өздігінен жүзеге аспайтыны түсінікті. Жаңа Қазақстанның қозғаушы күші-біздің азаматтарымыз,

олардың Отанға деген адалдығы, еңбекқорлығы мен біліктілігі.

Жаңа Қазақстанға жаңа міндет, ортақ мұрат. Оған қол жеткізу үшін әрбір азамат өз саласында сапалы еңбек етуі тиіс. Қазір еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігін сақтап, әрі қарай нығайту ең басты міндет.

Мемлекет басшысы атап өткендей, Жаңа Қазақстан-экономикасы дамыған, құқықтық тұрғыда әділ және күшті мемлекет. Онда әр азамат үшін әділ және тең мүмкіндіктер болады.

Президент «Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек. Қазақстанның болашағы жарқын болатынысөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат» деп ерекше тоқталды.

**Асаубай БӘКІРОВ,**  
**Созақ ауданының**  
**«Құрметті азаматы»,**  
**еңбек ардагері.**



## Желіні жарған «Созақ серілері»

Қазіргі таңда қатты дамып кеткен жайттардың бірі, ол – әлеуметтік желі. Күнделікті өмірдің жартысын, кейде одан да көп бөлігін алып кетіп жатады. Бесіктегі балаға да, еңкейген кәрімізге де әлеуметтік желі қызық. Бейне бір өмірдің мәні секілді.

Бүгінде осы әлеуметтік желінің зияны жайлы әлемде көптеп айтылып жатады. Әрине, әлеуметтік желіні адамдар әртүрлі мақсатта пайдаланады, оның ішінде жаңа нәрселерді жасап, соны жұртқа ұсынуға да мүмкіндік бар. Тақтың екі ұшы болатын сияқты, әлеуметтік желінің де пайдасы аз емес. Әлеуметтік желіні дұрыс қолданып жүргендер де бар.

Осы орайда біздің айтпағымыз, жуырда ғана әлеуметтік желі арқылы көрермендердің көңілінен шығып, көптеген қаралым жинаған «Созақ серілерінің» бейнероликтері жайлы болмақ.

Ауданымыздың әр ауылдық округінен жиылған өнерлі

жігіттер әлеуметтік желіге өздерінің түрлі аспапта сүйемелдеумен орындаған әндерін түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеген. Ол бейнеролик 1000-нан аса қаралым жинаған екен. Сол себепті, Алматы қаласындағы «Евразия 1» телеарнасының «Koremitz» бағдарламасына шақырту алған еді. Аталған бағдарламаның «Желіні жарғандар» айдарында қонақта болған жігіттер ол жерде де өздерінің өнерлерін паш етіп, заманауи әндерден «попури» орындап, көрермендерді тәнті етіп, аудан абыройын асқақтатып қайтты.

Сонымен қатар, «Созақ серілері» арнайы шақыртумен «Шалқар» радиосының да қонағы болды.

Аудан абыройын асқақтатқан жігіттеріміздің сұхбаты «Евразия 1» арнасының «Koremitz» бағдарламасынан алдағы аптада тамашалай аласыздар.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.**

## 1 наурыз-Алғыс айту күні

1926 жылы Әзербайжан Республикасында дүниеге келдім. Біздің әулет Сталиннің репрессиясына ұшырап 1937 жылы Қазақстанға жер аударылды. Ол уақытта мен он жаста екенмін. Осы жерде Ленин атындағы орта мектепте оқып, жетінші сыныпты тәмамдап, Ворошилов колхозына қарасты мектепте мұғалім болып жұмыс істедім. 1945 жылдың қаңтар айында майданға аттанып, Курск маңында 6 ай соғысқа дайындалып, алты айдан соң алғаш рет әйгілі Днепр өзені маңында майданға кірдім. Ол жерде 25-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 370-



Сондықтан бізге ынтымақтың, бейбіт өмірдің, таулықтың құны қымбат. Елдің амандығын, тыныштығын тілейміз. Біз көрген соғысты кейінгі ұрпақ көрмесін. Адал еңбек етіп, ащы маңдай теріңмен теріп жеген нанның дәмі ауыздан кетпейді. Несібені жер анадан теру керек. Халқымыздың әрбірі еңбекті, оның ішінде егіншілікті, мал шаруашылығын, қол өнерді кәсіп ете білсе қашанда елімізде тойыншылық болады.

Президентіміз нағыз көреген басшы. Алыс-жақынды зерделіп болжайды. Түрлі қиында соқпақты жолдармен көш бастап халқын

## Ақ батам-ел тыныштығы!

шы полкында минометшы-көздеуші болдым. Бір жолы шайқас қызып жатқанда немістің екі солдатын қолға түсіріп «тіл» есебінде бөлімшеге алып келгенім бар. Расында тұтқын өздерінің қанша солдаттары бар екенін, техника түрлері, қай уақытта шабуылға шығатыны жайлы құнды мәліметтер берді.

Соғыстан кейін Ташкенттегі ауылшаруашылығы институтын тәмамдап, агроном мамандығын игеріп шығып, 1968 жылдан кеңестік шаруашылықтарда 17 жылға жуық агроном болып қызмет атқарып ауылдың көріктенуі мен қеғалдануына үлес қостым, бау-бақша отырғызуды жақсы көремін. Бұл істен рахат аламын. Жеміс-жидектің барлық түрін өсіріп көрдім. Сол уақыттарда «Правда», «Сельская жизнь», аудандық «Молшылық үшін» газеттерінде іс тәжірибелерім

кеңінен таратылады. 1990 жылы абыроймен еңбек демалысына шықтым. Жанұямызда 11 бала дүниеге келді. Барлығы да қалаған оқу орындарын бітіріп, бір-бір мамандықтың иесі атанды. Кіндігімнен тараған 41 немерем, 70 шөберем бар. «Из-енді» шаруа қожалығын құрып мал өсіріп, егін егудеміз. Құдай қосқан қосағым Рахия апаларың екеуіміз шаруашылық басында балаларға басшылық жасап, ақыл кеңестерімізді бердік. Біздің отбасымыз көп ұлттың өкілі бас қосқан интернационалды отбасы. Отбасымызда жеті ұлттың өкілі біте қайнасып тіршілік етуде.

«Біздің отбасымыз қуғын-сүргін жылдары көп қиындық көрді. Біз бала болсақ та ата-анамыздың, бауырларымыздың, жалпы сол кездегі халықтың басына түскен нәубетті көріп өстік.

тығырықтардан алып шығып келе жатыр. Сондықтан бәріміз Президентімізге қолдау білдіріп көмек беруіміз керек. Көмек деген не? Ол қария болып елдің ауыз-біршілігіне жұмыс жасауымыз керек. Мемлекеттің тілін, салтын, әдеп-ғұрпын құрметтеуіміз-өзімізді құрметтегеніміз болар еді. Өзге мемлекеттерді күнделікті ақпарат құралдары беттерінен көріп отырсындар. Қандай жағдай болып жатыр. Құдай сондай алауыздығынан сақтасын. Қиын қыстау кезеңде қолтығымыздан демеп, бар жақсылығын аямаған қазақ халқына, ел басқарған басшыларға алғыс айтамын. Ынтымақтың туын биік ұстап ұдайы ауызбірлікте құшақ айқастырып кездесе берейік.

**Шәмил ТАФИЕВ,**  
**Созақ ауылы.**

## Қасиетті де салтанатты күн

Көктемнің алғашқы күні, яғни 1 наурыз – ел тұрғындары үшін маңызы жоғары мереке. Бұл күн халықтар достығын нығайтатын, ізгілікке үндейтін айтулы күн. Бұл мерекенің мән-маңызы да осында: ренжіскендер татуласады, әр ұлт өкілдері бір-біріне деген ыстық-ықыласын білдіреді. Елімізде 100-ден астам этнос өкілдері бір шаңырақ астында ғұмыр кешіп жатыр. Өмірде тыныштықтан асқан байлық та, бақыт та жоқ. «Өмірдің ұзартқың келсе, біреуге жақсылық жаса» деген де сөз бар. Ендеше, қыстан аман-есен шығып, көктемнің күнімен қауышқан шақта бір-бірімізге алғыс айтып, жағдай сұраса білсек, бұдан асқан бақыт бар ма?!

Күн жылынып, көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін мерекеде Қазақстандағы өзге этнос өкілдері қиын-қыстау кезеңде құшақ жая қарсы алған кеңпейіл де қонақжай қазақ халқына алғыс айтады.

1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесі 2016 жылдан бастап елімізде тойланып келе жатыр. Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығына негіз болған еліміздегі бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның



белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Аталған мерекенің басты мақсатының бірі – өскелең ұрпақты достық, бір-біріне деген құрмет пен толеранттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстанда этникалық келісім мен ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту болып табылады.

«Біз жиылсақ–көппіз. Жайылсақ– жоқпыз». Қазіргі кезеңде елде ынтымақ пен бірлік – басты құндылықтардың бірі. Бұл мереке келісім мен достықты бұрынғыдан да нығайта түсетіні анық.

Сөз соңында айтарым, «бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, бәріміздің қастерлі отанымыз – Қазақстан Республикасы. Сол себепті, жұмылған жұдырықтай болып, әрдайым бірлікте, ынтымақта, ауызбіршілікте өмір сүрсек, еліміздің болашағы жарқын боларына сенемін. Барша аудан тұрғындарын осы айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

**Мұхаммеджан БАБАЕВ,**  
**Ауған соғысының ардагері, Созақ ауданындағы «Өзбек этно-мәдени орталығының» төрағасы.**

**Прокуратура хабарлайды**

Соңғы кезде әлеуметтік желілерде мен мессенджерлерде жекелеген тұлғалар тарапынан облыс аумағында заңсыз митингілер, шаруалар және басқа науқандарға қатысуға шақырулар жиі таралуда.

Осыған байланысты, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті, құқық ұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ету мақсатында «Прокуратура туралы» Заңның 32-бабын басшылыққа алып, түсіндіреміз.

Митингілерді ұйымдастыру және өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа Заңмен (бұдан әрі-Заң) реттеледі.

Бұл заң елде бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру мен өткізуді демо-

кратияландырып, жеңілдетті. Нақыт айтқанда, жиналыстар, митингілер мен пикеттерді ұйымдастыру және өткізу үшін хабарлама жасау тәртібі қарастырылған.

Оларды өткізу туралы хабарлама белгіленген күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей жергілікті атқарушы органға жазбаша нысанда беріледі.

Онда бейбіт жиналыстың мақсаты мен нысаны, ұйымдастырушылар мен қоғамдық тәртіпті сақтауға жауапты адамдардың деректері көрсетіледі (Заңның 10-бабы).

Аталған хабарламаны жергілікті атқарушы атқарушы орган оны тіркеген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қарауға тиіс (Заңның 11-бабы). Осы 3 күн өткеннен кейін жауап болмаған жағдайда, ұйымдастырушы берілген хабарламаға сәйкес бейбіт жиналыс өткізуге құқылы.

Демонстрациялар мен шерулер келісу тәртібімен өткізіледі. Ол үшін ұйымдастырушы оның өткізілетін күніне дейін 10 жұмыс күн бұрын өтініш беруге, ал жергілікті атқарушы орган ол бойынша 7 жұмыс күн ішінде жауап беруге міндетті (Заңның 12,13-баптары).

Ұйымдастырушы өтініште қатысушылардың жүру бағытын, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтауды, медициналық көмекті ұйымдастыруды, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу шараларын көрсетеді (Заңның 12-бабы).

Өтінішті қарау қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы орган ұйымдастырушыға демонстрация немесе шеру өткізу келісілгені не оны өткізуден бас тартқаны туралы хабарлайды (Заңның 13-бабы).

Заң бойынша бейбіт жиналыстар қатаң түрде арнайы жерлерде және қалалық, аудандық мәслихаттармен белгіленген маршрут бойынша ұйымдастырылуы және өткізілуі тиіс. Алайда ұйымдастырушылар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы жергілікті атқарушы органға жазбаша нысанда беріледі.

Онда бейбіт жиналыстың мақсаты мен нысаны, ұйымдастырушылар мен қоғамдық тәртіпті сақтауға жауапты адамдардың деректері көрсетіледі (Заңның 10-бабы).

Аталған хабарламаны жергілікті атқарушы орган оны тіркеген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қарауға тиіс (Заңның 10-бабы). Осы 3 күн өткеннен кейін жауап болмаған жағдайда, ұйымдастырушы берілген хабарламаға сәйкес бейбіт жиналыс өткізуге құқылы.

Егер бұл әрекеттер азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірумен қатар жүретін болса,

қылмыстық кодекстің 400-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық туындайды, ол айыппұл не 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде түзеу жұмыстары немесе 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамау түріндегі жазаны көздейді.

Бұдан басқа, «Covid-19» коронавирустық инфекциясының пандемиясына байланысты адамдар көп жиналатын іс шараларды өткізуге салынған шектеулер әлі де қолданыста екенін еске саламыз.

Оны сақтамағаны үшін әкімшілік (ӘҚБТК-нің 425-бабы-Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын бұзу—30-дан 200 АЕК-ке дейін айыппұл) және қыл-

мыстық (ҚК-нің 304 бабы-санитариялық қағидаларды немесе гигиеналық нормативтерді абайсызда адамдардың жаппай сырқаттануына, ауру жұқтыруына әкеп соққан бұзу-2 мың АЕК мөлшеріндегі айыппұлдан бастап 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін) жауаптылық көзделген.

Аудан прокуратурасы азаматтарды қолданыстағы заңнама нормаларын мүлтіксіз сақтауға, арандатушылыққа бой алдырмауға және заңсыз акцияларға қатысудан бас тартуға шақырады.

Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

келісу тәртібімен өткізіледі.

Ол үшін ұйымдастырушы оның өткізілетін күнінен дейін 10 жұмыс күн бұрын өтініш беруге, ал жергілікті атқарушы орган ол бойынша 7 жұмыс күн ішінде жауап беруге міндетті (Заңның 12,13-баптары).

Ұйымдастырушы өтініште қатысушылардың жүру бағытын, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтауды, медициналық көмекті ұйымдастыруды, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу шараларын көрсетеді (Заңның 12-бабы).

Өтінішті қарау қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы орган ұйымдастырушыға демонстрация немесе шеру өткізу келісілгені не оны өткізуден бас тартқаны туралы

хабарлайды (Заңның 13-бабы).

Заң бойынша бейбіт жиналыстар қатаң түрде арнайы жерлерде және қалалық, аудандық мәслихаттармен белгіленген маршрут бойынша ұйымдастырылуы және өткізілуі тиіс.

Алайда ұйымдастырушылар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы жергілікті атқарушы органдарға тиісті хабарламалар мен өтініштер бермеген немесе олар бойынша келісуден бас тартылған.

Тиісінше, Заңды (3-баптың 3-тармағын) бұза отырып жүргізілетін бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және оған қатысу құқыққа қайшы болып табылады және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 488-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады (25 тәулікке дейін қамауға алу).

Егер бұл әрекеттер азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірумен қатар жүретін болса, қылмыстық кодекстің 400-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық туындайды, ол айыппұл не 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде түзеу жұмыстары немесе 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамау түріндегі жазаны көздейді.

Бұдан басқа «Covid-19» коронавирустық инфекциясының пандемиясына байланысты адамдар көп жиналатын іс шараларды өткізуге салынған шектеулер әлі де қолданыста екендігін еске саламыз.

Оны сақтамағаны үшін әкімшілік (ӘҚБТК-нің 425-бабы-Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын бұзу—30-дан 200 АЕК-ке дейін айыппұл) және қыл-

мыстық (ҚК-нің 304 бабы-санитариялық қағидаларды немесе гигиеналық нормативтерді абайсызда адамдардың жаппай сырқаттануына, ауру жұқтыруына әкеп соққан бұзу-2 мың АЕК мөлшеріндегі айыппұлдан бастап 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін) жауаптылық көзделген.

Аудан прокуратурасы азаматтарды қолданыстағы заңнама нормаларын мүлтіксіз сақтауға, арандатушылыққа бой алдырмауға және заңсыз акцияларға қатысудан бас тартуға шақырады.

Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

**БАЛА ТӘРБИЕСІ-  
баршамыздың  
басты ісіміз**

Қазақ қашанда баланың тәрбиесін өзекті мәселе ретінде қарастырған. Асылында, керегесін кеңейтіп, ізін жалғайтын әрбір перзентіне ерекше ықыласпен қараған. «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай қашанда қызың төрге шығарып, ұлын аспанға көтеріп, «арым жанымның садақасы» деп арлы, иман жүзді ұл-қызды тәрбиелеп өсіруге тырысқан-ды. Бүгінгі күнге дейін бұл үрдіс жалғасын таппаса, тоқтап қалды деуге негіз жоқ. Себебі, миға сіңіп кеткен мына бір «Тәрбие-тал бесіктен басталады» деген небәрі бірауыз сөз бүкіл қазақилық ардың, адамгершіліктің, намыстың куәсі іспетті. Өкініштісі, бұл сөздің мағынасын бірі білсе, енді бірі оның астарына қатты үңіле бермейтіні рас. Дәл осы өзекті болып отырған тәрбие сөзіне тереңрек тоқталып өтейік. Ең алдымен жақсы тәрбиені-адам бойындағы құнды, асыл қасиет десек артық айтпаспыз. Адамның жасап жатқан сырт әрекетіне, сөйлеген қысқаша сөзіне қарап-ақ оның тәрбиесінен біршама хабар алуымызға болады. Дәл қазіргі уақытта жастардың тәрбиесі алаңдатушылық туғызып отырғанын, сондай-ақ үлкен жауапкершілікті талап ететін мәселелердің бірі екенін назардан тыс қалдырмағанымыз жөн болар. Жалпы баланың тәрбиесін ең бірінші-отбасынан, яғни ата-анасынан алатынын «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген халық даналығы аңғартады. Дүниеге баланың келуі ата-анаға үлкен қуаныш алып келетін болса, сол баланың бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп өсуі отбасы үшін екі есе бақыт сыйлайды. Қазір қазақилықтың иісі аңқитын ақ жаулықты әжелеріміздің оқылмаған ертегі-әңгімелері, аталарымыздың үйретпеген ат баптаулары, ата-ананың балаға деген айтылмаған жылы-жұмсақ сөзі, одан келе жұмыс басты болуы рухани тәрбиенің берілмеуіне әкеліп, ұлт тағдырына балта шабудың сәл-ақ алдында тұр. Сол себептен баланың тәрбиелі болып өсуіне тату-тәтті, берекелі отбасының тигізер әсері мол. Сонымен қатар мектептегі ұстаздық тәлімнің балаға тәрбие беруде алар орны ауыз толтырып айтарлықтай. Осы тұста Бауыржан Момышұлының «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген нақыл сөзін тілге тиек ете отырып, тәрбиеге аса мән берілуі керек екендігін ескеруімізге болады. Тәрбиенің басты мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық, адамгершілік секілді жақсы қасиеттерді қалыптастыру. Ата-ана ешқашан балам жаман болсын демейді. Барынша жақсы тәрбие беруге тырысады. Тіпті бала ата-ана тәрбиесімен түзу ағаштай болып өсуі мүмкін. Алайда, ата-ана қанша жақсы тәрбие берген күнде де, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін факторлардың бірі де, бірегейі болып табылатын ол-орта. Өсе келе баланың өзге ортаға түсуі түзу ағаштың одан әрі түзу болуына немесе қисық өсуіне алып келеді. Бала ата-ана берген тәрбиені сақтап, жақсы адамдармен қарым-қатынас жасаса, сондай-ақ жаман адамдардан аулақ болса, яғни ақ пен қараны ажырата білсе тәрбиенің берік болғандығы сол сәтте айқын байқалады. Одан бөлек, қазіргі таңда өзге мемлекеттің, ұлттың өмір дағдыларын көрген бала соларға еліктейді. Әрине, бұл заңды құбылыс. Алайда, алдын алудың да еш зияны болмас еді. Әр мемлекеттің өзіне тән мінез-құлқы, өмір сүру дағдысы болатынын ескеретін болсақ, еліктеудің бізге еш пайдасы да, алар жақсысы да жоқ. Жастар осыны түсінсе, үлкендер түсіндірсе нұр үстіне нұр болмақ. Баланың бүгінгі тәрбиесі-оның ертеңгі болашағы!

**Айгерім ЭБУБӘКІР,  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті филология  
факультетінің 4 курс студенті.**

**Сөзақ аудандық  
прокуратурасы.**

# Он сегіз минутқа сыйған сыр-сұхбат

**Өзі, Созақ деп біздің өңір жайлы сырт жақта сөз бола қалса, кісінің ойына сап ете қалатын құндылықтарымыз баршылық құдайға шүкір. Атап айтар болсақ, Кеңес одағы тұсында берісі республикаға, арысы бауырлас елдерге ет, жүн және елтірісімен аты мәлім ауыл және мал шаруашылығымыз бар. Одан беріде уранымыз бен газымыз, алтынымыз бен күмісіміз, көміріміз бен тұзымыз да бар. Ақын- жазушы, әнші- күйшіге де кенде емеспіз. Отан соғысының батырлары, еңбек ерлері және білім ісінің үздіктері де жетіп артылады. Дегенмен, кешегі 90 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың алғашқы 10 жылдығында Созақ ауданының атауы осы бір арда азаматымыздың атымен қосарланып аталып келді. Себебі бұл азамат, біріншіден, ұзақ жылдар бойғы үзілістен соң алғаш рет ауданымызға басшылық еткен Теріскейдің төл перзенті еді. Екіншіден, Созақтың сын сааттарында басынан табылып, ауданымыздың руханиятына, экономикасы мен әлеуметтік саласына жаңа бір леп алып келді. Әрине, тек жұмыс істемейтін адам ғана қателеспейді. Бұл кісі де барша пендеге тән қасиетпен қателіктерге бой алдырған болуы мүмкін. Оның бағасын тарих және халық бере жатар.**

**Сонымен, Созақ пен есімі ойға қоса оралатын, ауызға қатар алынатын арда азаматтың аты Созақбай Әбдіқұлов. Сөйткен, Созақбайын Созақ халқы ара- тұра іздеп қалады. Мұны, әлеуметтік желіде белсенді отыратын жерлестеріміздің есті естеліктерінен аңғару қиын емес. Сол себепті де, Созақ халқы мен төл перзенті ата Созаққа іні, біреуге аға, енді біреуге ата Созақбай ағамыздың арасына алтын көпір болуды ұйғардық. Нақтырақ айтсам, Әбдіқұлов Созақбай Исаұлына телефонмен хабарласып, сырлы Созақтың тағы бір бетке ұстар құндылығы «Созақ үні» газетіне сұхбат беруін өтінген едім. Созақтанмын дегенімді естігенде Созақбай Исаұлының әдеттегі дауысы өзгеріп сала берді. Кім екенімді сұрап біліп алған соң, бірден елдің жағдайын сұрады. Сырттай сұрастырып, тілеуін тілеп жүрген Теріскей жұртының амандығына хабар алған соң, біздерді Шымқалаға жүзбе- жүз сұхбаттасуға шақырды.**

**-Аға, біраз болды аудан халқы сізден көз жазып қалды. Зейнеткерлікке шықты деп естиміз, қайда жүрсіз және немен айналысудасыз? (Туған жеріңізге не тілер едіңіз?)**

-Біріншіден, туған өлден, туған жерден арнайы іздеп келген өздеріңдей інілеріме рахмет. Екіншіден, мынау шығармашылық жұмыстарыңа табыс тілеймін. Алдағы уақыттарда да біздің Созақтың азаматтарың осылай насихаттап, елге қызмет ете берулеріңе тілектеспін! Ал енді сол, жалпы қатарластарым секілді 63 жасымда зейнеткерлікке шықтым. Бірақ, заңға сәйкес 64 жасқа дейін қызмет атқардым. Кейін, сол тұстағы облыс әкімі Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы: «Менімен бірге Түркістан облысына кеңесші боп барсаңызшы!» деп қолқа салды. Бірақ мен: «Ниетіңізге рахмет, рұхсат болса мен сол ұзақ жылғы бейнетімнің зейнетін көрейін» деп бас тарттым. Дегенмен, араға бір апта салып бұрынғы мынау ҚазАтомПром-да бірге жұмыс жасаған жігіттер хабарласып: «Сіз бізге көмектесіңіз, біздің мынау облыста және аудандарда мемлекеттік мекемелермен келісіп шешілуі тиіс мәселелеріміз бар. Мақұл десеңіз келісім шартпен сол мәселе жөнінен біздің өкіліміз болыңыз!» деп ұсыныс айтты. Міне, содан бері өздерің көріп отырған «Қаратау ТОО» мекемесінде жұмыс жасаудамын!

**-Қай жылдар аралығында Созақ ауданының әкімі ретінде қызмет**

**жасадыңыз?**

-Негізінен, мен Созақ ауданына екі рет әкім болдым. Бірінші рет, 1999-2006 жылға дейін, екінші рет, 2008-2010 жылдар аралығында. Сонда баяғы 10 жылға жуық уақыт ауданымызды басқарыппын. Сосын, мен Созақ ауданынан шығып әкім болған ең бірінші азаматпын. Осы орайда қалың елім, Созағымға рахметімді айтамын. Себебі, сол жылдары мені қолдады, қуаттады. Өздерің де білесіңдер, ауданда біршама жұмыстар атқарылды. Жалпы, Созақ ауданы кеңес өкіметі кезінде Республика бойынша артта қалған 33 ауданның қатарындағы аудан болатын. Себебі, ол тұста ауданымыз тек ауыл және мал шаруашылығымен айналысатын. Тіпті, сол төрт түлік малға беретін шөбімізді де облысымыздың оңтүстігіндегі Сарыағаш, Мақтарал және Шардара аудандарынан таситын. Өйткені, Шу өзенінің суы келмей қалатын. Кейін, Қазақстан еліміз егемендігін алған соң өндіріс орындары ашылды. Міне, сол кезеңдерде әлгі өндіріс орындарының басшыларымен кездесіп, біздің өңірдің жерін бұрғылап, өнімін алып отырғандарын естеріне салуға тура келді.

Қазіргі таңда аудан өнеркәсібі дамыған аграрлы ауданға айналды. Бұл көп жылғы жұмыстың нәтижесі. Ол тұста облыс әкімі Сапарбаев Бердібек Мәшбекұлы болатын. Сол кісі ҚазАтомПром басшысы Мұхтар Жәкішевті шақырып алып: «Мынау Созақ ауданы облыстан шалғай жатқан, экономикасы ақсап жатқан аудан. Сондықтан, Созақбай Исаұлымен өзара келісіп, ауданға жағдай жасаңыздар!» деп тапсырма берген еді. Содан аудан игілігі үшін үлкен жұмыстар жасалды. Бірінші кезекте, өндірістен тапқан табыстарының белгілі бір бөлігін салыққа құйды. Екінші кезекте, өндіріс орындарына ауданымыздың азаматтарын жұмысқа алуды талап еттік. Әрине, олар біздің ауданда арнайы мамандардың жоқтығын айтып сылтауратты. Дегенмен, біз де өз дегенімізде табандап тұрып алдық. Нәтижесінде, Созақта және Таукентте кәсіптік-техникалық училищелер аштық, кейіннен колледж болды. Есесіне, аудан жастарының 70 пайызы өндірістерге жұмысқа орналасты.

Жастарымыз Франция мемлекетінде білім алды, озат оқушылар әр ауыл әкімшіліктерінен Франция мемлекетіне туристік сапармен барып демалып, тарихи жерлерімен танысып келді. Ысқақ бап, Баба Түкті Шашты Әзіз, Қарабұра, Саңғыл би кесенелері жаңартылып, жөндеуден өткізіліп Республикалық көлемде Ас берілді. Қазақ «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді. Сол себепті де ауданнан шыққан жазушылар мен ақындардың, күйшілердің мерей тойлары аталып өтілді. Нақтырақ айтсам, Сұлтанбек Қожанов, Тәкен Әлімқұлов, Асқар Сүлейменов, Төлеген Момбеков, Бәтима Батырбековалардың мерейтойлары аталып өтіп отырды. Сондай-ақ, жылда «Созақ таланттары» фестивалі ұйымдастырылып отырды. Ауданымыздың да 75, 80, 85 жылдық мерекелері аталды. Жалпы, әрбір азаматта патриоттық рух жоғары болуы керек. Елі мен жерін, халқын құрметтей және сүйе білуі керек. Елге адал, таза қызмет жасаған жөн және жастардың тәрбиесіне үлкен мән беру қажет. Сонымен қатар, елден шыққан білікті мамандарды әр уақытта қолдай білген жақсы.

**-Осы жылдар ішінде алдыңызға мақсат етіп қойып, түрлі себептермен жүзеге асыра алмаған, әттеген- ай істеріңіз болды ма?**

-Иә, әрине болды ғой! Біріншіден: «Осы неге ауыл және малшаруашылығы өнімдерін (жүн, тері) өңдемейміз?» деген сауал туындады. Себебі, үстіміздегі киімдердің барлығы қытай мен түркінің дүниелері еді. Біздің елде де өңдеуге, өнім шығаруға болады ғой деген оймен бір кәсіпкер азаматтарды шақырттық. Бірақ арада мен қызметтен кетіп қалдым дағы олар ол цехты (Созақтың атынан) Шымкент қаласына әкеп қойды. Сонымен қатар, Таукент поселкесінде де тері өңдейтін цех болған. Оны да іске қосамыз деп жүргенде мен қызметтен кеттім дағы бұл жұмыс та аяқсыз қап кетті. Әйтпесе, осы жоспарларымыз іске асқанда аудан



нымыздың ауылшаруашылығы аяққа тұрып, бірқатар жұмыс орындары ашылып, халықтың жағдайы да жақсарар еді. Екіншіден, тағы бір өткір мәселе ауданымызға табиғи газ келтіру мәселесін қолға алған едік. Мынау, Батпақдаланың Қарабел деген жерінде үлкен газдың қоры бар. Анау, Амангелді газқоры осы Қарабел газ қорының бір шеті ғана. Сол газдың қорын біз геологтар арқылы тауып, өкіметтің алдына мәселе қойғанбыз. Ол кезде Премьер Министр Даниял Ахметов болатын. Ол кісі шетелдік инвесторлар арасында конкурс өткізіп, Германияның «Марсель-Петролиум» компаниясы ұтып алған еді. Бұл, 2005 жылдары болатын. Содан бер жағы 250, ар жағы Астанаға дейін 250, бар-жоғы 500 км жерге газ құбырлары тартылып халқымыз игілігін көретін болған. Сол тірлік те аяғына жетпей қалды. Сосын, мынау Бетпақдаланы, Арқаны басып өтіп, Жезқазған арқылы Астанаға баратын үлкен күре жолды асфальттауды жоспарлаған едік. Шамамен, ұзындығы 280 шақырым жер еді. Сонда біз кәдімгідей жолдан үнемдейтін едік. Дегенмен, мен кеткен соң бұл ойымыз да іске аспай қалды. Әйтпесе, сол кездері ҚазАтомПром басшылары да үкімет те маған қолдау білдірген еді.

**-Өзіңізден кейін аудан әкімі болған әріптестеріңіздің атқарған істеріне қандай баға берер едіңіз?**

-Мен ауданда үшінші әкім болып жұмыс жасадым. Менен кейін қазір алтыншы әкім жұмыс жасап жатыр. Оны мен емес халық бағасын береді.

**-Осы 30 жылдың ішінде не ұттық, неден ұтылды?**

-Иә, өте күрделі сұрақ! Әуелі не ұттық дегенге келер болсақ, ең үлкен ұтсымыз Егемендік алғанымыз. Олай дейтінім, бұл тәуелсіздікті ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы аңсап келді. Бір мысал айтайын. Сол 2000 жылдардың басында мемлекеттік қызметкерлер арасында конкурс өтіп, қатысушы 52 адамның ішінен 12 адам жеңімпаз болып, Америкаға бардық. Сонда Америкалықтар Қазақстан деген мемлекетті танымайтын, білмейтін. Бізден сұрайды: «Қайдан келдіңдер?» деп. «Қазақстаннан келдік!» десек, Ауғанстан, Пәкістанмен шатастыратын. Кейіннен, 2007 жылы Францияға бардым, мына, КАТКО мен келісімшартқа отыру үшін. Міне ол кезде Қазақстанды біршама танып қалған болатын. Өне, осы біздің ұтқан тұсымыз. Нақ сол кезде КАТКО-ның басшыларына: «Ертең сендер түбінде кетесіңдер, сондықтан да біздің балдарымызды оқытып, маман етіп шығарыңдар!» дедік. Сөйтіп, бірінші үш баланы жібердік. Әлі есімде олар: Салтанат (Сапаровтың қызы), Әбдірахман деген жігіт (Бөкеновтың баласы) және Сәбен (Айтжановтардың баласы). Әрине, алғашында үшеуі де француз тілін білмей біраз қиналды. Қазіргі таңда солар КАТКО да жұмыс жасап жатыр. Тіпті, біреуі басшылық қызметте. Одан кейін де 7-8 баланы оқыттық. Сондай-ақ, жылда төмен отбасылардың балдарын Францияға жіберіп, демалдыратынбыз. Ол жақта Францияның тарихи жерлерін аралап, келгеннен соң қатарларына көрген қызықтарын әңгімелеп беріп жататын. Есесіне, балдарымыздың білімі бірден көтерілді. Сол жылы ауданымыз облыс бойынша ҰБТ-дан бірінші орын алды. Балаларда өздеріне, білімдеріне деген сенім пайда болды. Бұл да өз кезегінде тәуелсіздіктің бізге тартуы еді.

Бүкіл дүние жүзі Қазақстан деген мемлекет бар екенін мойындады. Қазақ жастары шет елдегі ең озық жоғарғы оқу орындарында білім алып, еліміздің экономикасын арттыруда жұмыс жасап жатыр.

Ал енді, неден ұтылдық дейсің ғой: 1. Қазақстанда өндірілген өнімдерді өңдеп жоғарғы сапалы өнімдер дайындай алмай келе жатқанымыз. 30 жыл болды әлі күнге жерасты қазба байлықтарымызды сыртқа, шетелге тек шикізат күйінде сатудамыз. Соларды өңдеп, шетелге дайын өнім ретінде қымбат бағаға сататын завод-фабрикалар салмадық. Мысалға жоғарыда газ мәселесін көтердік. Сол газ мұнаймен бірге шығатын табиғи шикізат. Сол мұнайды өңдейтін заводтарды да көптеп салмаппыз ғой. Бүкіл Қазақстан бойынша үш-ақ мұнай өңдейтін зауытымыз бар, ол да Кеңес заманында салынған. Осының барлығы өңделіп барып сатылса, Қазақстанға үлкен табыс келер еді. Ал бізде қалай? Шикізатты болмашы ақшаға сатамыз дағы содан түскен арзымайтын ақшаға ауылшаруашылығы өнімдерін қымбат бағаға сатып аламыз. Кейде мен де осы салада ұзақ жылдар қызмет етсем де неге осылай еткенімізді түсіне алмаймын. Нәтижесінде халықта жұмыс жоқ, жағдайы өте төмен.

2. Коррупцияны жеңе алмай келе жатқанымыз. 3. Халықтың тұрмыс жағдайын көтеру жеткіліксіз. Төмен қамтамасыз етілген жанұялардың саны өте көп. Президент айтты ғой:

«Қазақстанның байлығының 55 пайызы 162 адамның қолында болып келді» деп.

**-Ауданымызда жұмыссыздықтың алдын алу және кедейшіліктің деңгейін түсіріп, азық-түлік пен жем-шөптің бағасын тұрақты ету үшін үшін нақты қандай қадамдарға барғанымыз жөн?**

-Байқасаң, мен бағана өндіріс орындарын бекерге айтқан жоқпын. Олай дейтінім, алғаш ауданнан өндіріс орындары ашылған жылдары да біздің ауданымыздың азаматтарын жұмысқа алмайтын. Міне, сол уақытта біз өндіріс орындарының басшыларына: «ауданымыздың әрбір жанұясынан бір-бір адамды жұмысқа аласыңдар» деген талап қоя білдік. Сонда ғана ол жанұя жақсы тұрмыспен қамтылады деген болатынбыз. Ай сайын ҚазАтомПром компаниясымен бірлесіп, жұмыссыздықтың деңгейін анықтап отыратынбыз. Әлгі, колледж бітірген жастарымызды, оның әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балаларын жұмысқа орналастыратын едік. Тағы да арнайы бір мамандар болмас, жай жұмысшыларын сырттан әкелуге қарсылығымызды білдіретінбіз. Сол талап қоюдың нәтижесінде өндіріс орындарында жұмыс істейтін жастарымыздың үлес салмағы 70 пайызды құрады ғой. Әрине, сырттың адамын жұмысқа алма деп ешкім айта алмайды. Дегенмен, жолын тауып келісу керек. Ауданымызда жұмыссыздықты жоюдың ең бірінші жолы осы. Екінші жолы, Ауыл және малшаруашылығы өнімдерін өңдейтін цехтарды көптеп ашқан жөн. Ол үшін әрине, түрлі қайтарымсыз гранттар, субсидия және төмен пайызбен несие беру керек. Бұдан бөлек, Созақ ауданында жерасты қазба байлықтары көп. Соларды өңдеу үшін де көптеп инвесторлар тартқан дұрыс.

**-Сөз соңында туған жеріңізге, халқыңызға не тілек айтар едіңіз?**

-Не тілеймін, тек жақсылық! Жоғарыда елім деген ыстық ықыласымды білдірдім. Ендігі жерде мынау жуырда ғана аудан басшылығына тағайындалған жерлес, ініміз Тұрсыбеков Мұхит Сексенбайұлының алдағы атқарар жұмыстарына толағай табыс тілеймін. Енді бұл Тұрсыбековтер әулеті аудан, облысты қойып, Республикаға танымал әулет қой. Секең ағамыздың өзі ұзақ жылдар бойы басшылық қызметтерде болып, елдің алғысына бөленген азамат. Сондықтан, елімізден шыққан, туған топырағымызда туып өскен Мұхит Сексенбайұлына барша Созақ халқы боп тілекші, көмекші болуымыз керек. «Ерім деген елі болмаса, ерім дейтін ел қайдан болсын»-деген бар ғой!

**Данияр БЕК.**

Кешегі он алтыншы жылғы ұлт азаттық көтерілісі, одан бергідегі жаппай аштық, қуғын-сүргін зұлматы, Ұлы Отан соғысы сияқты тарихтың қара таңбалары қазақ халқын ғана емес, бауырлас, туыстас, ниеттес өзге ұлттарды айналып өтпеді. Әрбір үйде, әрбір шаңырақта сол жылдардың айқын да анық ақтаңдақтары бар. Созақ ауданында сол жылдары ғұмыр кешкен әзірбайжан, грек, түрік, татар, өзбек, башқұрт, орыс, ұйғыр, тәжік ұлттары бір атаның баласындай, бір шаңырақтың астында қолдағы барын бөліп жеп күндерін көрді. Аштық пен жұтқа, зобалаң мен зұлмақта бірге төтеп берісті. Бүгінгі Ыбырай атамыз айтқандай «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» интернет пен компьютер заманында өзіміз іздеген кейіпкерімізді интернет арқылы тез тауып алдық. Және әлгі өзіміз айтқан ватсап желісі арқылы сұхбаттасып та үлгердік. Біз іздеген Зейтуна Хамзақызы Шафикова Созақ ауданындағы Сызған ауылына қарас-



үйінен киім кешегімді алып шығып кеттім да жатақханадан орын алып жайғасып алдым. Тобымызға мені студенттер ортадан учебный сектор етіп сайлап қойды.

Сөйтіп оқып жүргенде көктемге таяу Әбілбай көкемнің Қызжан деген қызы болатын. Сол жатақханаға келді. Келіп «Алматыдан Әссәтілла көкем келді. Сені шақырып жатыр» деді. Менен үлкен Вася ағам Шымкентте тұратын. Алдында 1973 жылы Шымкентте фосфорный зауыт ашылған. Мен ауылға хабар беріп Вася ағамды қалаға фосфорный зауытқа жұмысқа шақырдым. Осылайша Вася ағам отбасымен жанымызда болды.

Маған серік керек, жанашыр керек, мен мұнда бір өзім. Ауылға тек сессия кезінде ғана барамын дедім. Содан ағам Шымкентке келді. Ауылда Базановтар деген орыстар отбасы тұратын. Ол кісілер құрылыста істеген. Соғардың Люба деген 1952 жылы туылған қызы болатын. Люба Ленгирде трикотажный фабрикада істейтін. Содан ағам екеуі көңілі жарасып отбасын құрады. Әңгімеге қайта оралсақ. Содан не керек, келсем, Әссәтілла көкем мені көріп, еңкілдеп тұрып жылады. «Мені отбасым тастап кетті. Менде бәрі бар. Маған керекі тек туысқан, жанашыр керек» деді.

Әссәтілла ағаммен жылап, көрісіп болған соң ол кісі мені Алматыға әкететін болды. Вася ағам айтып едім

# ЗЕЙТУНА

## (Қасиетті Қаратаудың бір қызы)

ты Басбұлақ ауылының қызы. Бүгінде Шымкент қаласы Еңбекші ауданындағы «Асыл әжелер» тобының жетекшісі. Ендігі әңгімені телефон арқылы байланысып сұхбаттасқан Зейтуна апамыздың өзіне берсек:

-Мен 1952 жылы Созақ ауданы Басбұлақ ауылында дүниеге келдім. Әкемнің 45 жасында көрген тұңғышымын. Әкем Хамза Шафиков 1937 жылы репрессияға түсіп, Башқұртстаннан жер аударылып өмірдің бұралаң соқпақты сүрлеуі Созақ жеріне әкеп тіреді. Басбұлақ ауылына барғаннан сол ауылдың байырғы тумасы Тұржан атам мен Айша әжемнің төрт баласы дүниеге келгенше сол кісінің үйінде тұрдық. Тұржан мен Айша әженің Жүзқой, Мыңқой деген екі қызы, Әссәтілла деген бір ұлы болды.

1932 жылы ашаршылық жылдары көшеде жүрген балаларды әкете берген екен. Біздің ауылда Сызғанда да сондай жағдай болды. Қос қариялардың екеуі де сауаты жоқ ескіше кісілер болатын. Ұлын да қызын да таппай қалған. Кейін менің әкеме айтқан болуы керек. «Осындай ұл да қыз да жоқ, айырылып қалдым» деп. Сөйтіп әкем Түркістанға тиісті орындарға хат жазып жүріп тауып алады. Жүзқой мен Мыңқой үйге келген соң үй тар болып біз бөлініп шықтық. Басбұлақтың бас жағында Орынбасар, Зейділда деген кісілер қоныс болды. Сол Орынбасардың үлкен ағасы Әшірбай деген көкеміздің үйінде тұрдық.

Әкем бірде ауылдың ақсақалдары бас қосқан жиында: «Ау, халайық, маған қай жерден жер бересіңдер? Балаларым көбейіп, өсіп қалды, үй салуым керек,- дейді. Қариялар бірауыздан «Хамзакеңнің айтқаны орынды» деп, сол Әшірбайдың үйінің жанында үлкен шилі, шеңгелді жер болатын, сол жерді береді. Бір ай бойы сол жерді тазалап, шеңгелін, шийн тамырымен жұлып, тегістеп үй салдық. Алты бала болдық. Әкем өте сауатты, артық ауыз әңгімесі жоқ, біртоға кісі болатын. Ауылдың кеңесте істеді. Тектінің ұрпағы болатын. Сол жерден ату жазасына жібереді. Башқұртстанда менің екі інім бар. Кішкентай інімнің қызы Ресейдің Ульяновск қаласында үлкен қызметте істейді. Күйеуі цемент зауытының бас директоры. Сол Альбинаға айтқанмын. Аталарыңның дерегін іздеп табыңдар деп. Оның ары қарай қалай боларын білмедім.

Кейін Жүзқой, Мыңқойды Ащысай деген ауылға тұрмысқа берді. Сөйтіп Өтепберген көкеміз, Тынымқұл апа-

мыз «біз өзіміз қараймыз туысымыз» деген соң бата алмадық. Ауылдастарымыздың барлығы біз десе құшағын жайып жүретін. Жұрттың бәрі әкемді құрметтеп қадір тұтатын. Сөйтіп Басбұлақ, Сызғандағы шифрлы үйлерді менің әкем салған. Ол кезде барлығы тоқал үйлер болатын. Жағдайлары бары үй салдыратын. Әкем еңбегін пұлдап пәлен ақша бересің демейді. Бергенін алады.

Балалық шақта Басбұлақ, Сызған, Қозмолдақтың жастарымен бірге жүрдік, бірге тұрдық. Келіспеушілік, «сен анандайсың», «сен мұндайсың» деген сөзді естіген емеспін. Бірге ән айтып, би билеп өстік. Кейін үлкейе-үлкейе басқа ұлт екеніміз сезіле бастады. Үлкейгеннен кейін» бойжеткеннен кейін сонда ғана өзімізді жігіт, қыз ретінде сезіне бастадық. Менің ең жақсы көретін кісім Ыбырайым деген атамыз болатын. Сол атам баласындай құшақтап, жетектеп жүріп өсірді. Ұлжан әкеміз болатын. Олардың немересі Әлімхан деген бала болатын. Олардың фамилиясы Жүнісов болуы керек. Әлімхан, Темірхан, Мейірхан, Мамырхан деген балалары болды. Қазір енді олардың әйелдері, балалары бізді тани бермейді.

Сол Тұржан ата мен Айша әжем Өтепбергеннің қолында қайтыс болды. Атам мен көкем ауырған сәттерінде екеуіне жиі барып тұратын. Кейіннен Әссәтілла деген баласы табылды. Оны да менің әкем тауып әкелді. Ол кісінің екі аяғы кесілген. Қысты күндері аязда үсіген болса керек. Онда біз сиыр ауылда тұратынбыз. Әссәтілла көкем ауылда біраз жүрді. Көкем сиыр фермада сепаратор жөндейтін. Біреудің етігін, түрлі аяқ киімдерін, киім машинасын жөндеп беретін. Ауылдас ағайындармен керемет татулықта тұрдық. Хамзаке десе болды көкем сол сөзге де риза болатын. Қазіргі жастар оны түсіне бермейді. Қазір ру-руға бөліну бар. Ол кезде «сен ондайсың», «сен мұндайсың» деген сөз жоқ. Әңгіме де естілмейтін. Арагидік ел іші болған соң бір қысыңыз әңгіме ести қалса көкем қынжылып қалатын. Сол сиыр фермада Әссәтілла көкем менің әкеме келіп:-Аға, мен Алматыда етікші болып жұмыс істеп жатырмын. Сол Алматыға қайтып кетемін. Бұл жерде қала алмаймын, деді. Сөйтіп Әссәтілла көкем Алматыға кетіп қалды. Содан жоқ болды.

Сонымен үлкейдік, есейдік. Әкем үлкейген кезімде шақырып алды. Мені өте жақсы көретін. «Анаңнан айнымайсың» деп маңдайымнан иіскейтін. Келешегімді ойлады ма, көрегендігі

ме әлде әлденені сөзді ме, «Қызым лажы болса өз ұлтыңа тұрмысқа шығатын бол» деді. Соны маған нықтап айтты.

-Көке мен башқұрттарды көрген емеспін. Татарларды көрдім,-дедім. Онда мен институтта оқитын едім.

-Татарға шықпайсың, башқұртқа шығасың деді.

Менің оқуға түсуім қиын болды. Институтқа түсуге ол уақытта таныс тамыр керек. Мен мектеп бітірген жылдары Сызған совхозында Жаппарбеков Батырхан деген кісі совхоз директоры болды. Берістемов Махмұт көке жұмысшылар комитетінің төрағасы болатын. 1970-71 жылдары мен Батырхан ағайдың кеңсесінде хатшы-машинистка болып бір жыл істеп, кейін ауылдан кеткім келді. Оқығым келді. Мектепті жақсы деген бағаммен бітірдім. Көкеме келіп айттым. Менің кеткім келеді. Оқығым келеді дедім. Көкем «шыдасай, мына бауырларың бар. Сырттай оқысай, жұмыс істел» деді. Бірақ мен бір беттігіммен «оқимын» деп отырып алдым. Сонан кейін Өтепберген көкеңіз Әбілбай деген баласы болды. Өзі бұл күнде өмірден озған, бірақ қазіргі күні әйелі тірі. Сол Әбілбай деген кісі қаладан ауылға келіп қалды. Бір жағынан Тұржан атам арқылы туыс болып келеміз. Сосын әкем Әбілбай көкеге айтты: «Мына қызым оқимын деп отыр. Қолыңнан келсе көмектес,- деді. Әбілбай көке:- Онда сен менің әкеме үй салып бересің дейді. Сонымен әкем мақұл дейді. Әкем үй салып беретін болды. Әбілбай көкем мені оқытатын болды. Сол жылы жазда мен қалада Әбілбай көкеңің үйінде бір айдай тұрдым. Консультация болды. Мәдениет институтына оқуға бардым. Мен онда аккордеон тартатынмын. Содан бірінші емтихан болды. Мені бірінші емтиханда құлатты. Сыртқа шығып жылап тұр едім. Комиссия мүшесінің бірі орыс кісі екен. Қасыма келіп:-Жылама, қызым, елге барып машинистка-хатшы дегеннің орнына қара жұмысшы болып істеді деген анықтама әкел. Сені дайындық курсына түсіреміз деді. Содан ауылға келіп директорымыз Батырхан ағайға айттым.

-Кадр бөлімінің бастығы Лалахан апайды шақырып алып, мына қызымының еңбек кітапшасына қара жұмысшы деген жазуды қондырып бер,-деді бар мән жайды түсіндіріп. Подкурсақ құжат тапсырып, Темірбеков деген ректорымыз болатын. Соған кіріп жатақхана алдым. Әбілбай көкемнің

ол кісі «барсаң барып кел» деді. Сонымен Алматыға Әсетулла көкеммен тартып кеттім. Алматының тура ортасында «Коммунистік» проспектісінде «Сәуле» деген дүкеннің үстінде тұрады екен. Бір бөлмелі шағын пәтер. Үйге кірген соң Әссәтілла көкем:-Зейтун, маған қолдың сорпасын істеші,- деді. Терлеп тепшіп ішіп алды. Содан ертесіне маған 500 сом берді. «Мынаған киім ал» деп. Мен 25 сомына бір көйлек алып, қалғанын әкеліп бердім. Сөйтіп едім «жоқ бұл ақша ертең сенің оқуыңа, ішіп-жеуіңе керек болады, Сенің өзінде болсын»,-деді. Сосын үйге не керек? Неден қиналып жүрсіңдер деді. Мен:-Үйде сиыр жоқ, сиырды әкем қиналған соң сатып жіберген дедім. Онда мынаған сиыр сатып алыңдар деп тағы да бес жүз сом берді.

Маған «дереу бұл ақшаны көкеңе салып жібер» деді. Сонан соң оқуға түскен соң хабарлас, мен сені Алматыға ЖЕНПИ-ге ауыстырып аламын деді. Содан оқуға түстім деп хабар жібердім. Ол кісі дереу Алматыдан Шымкентке келді. Келген соң екеуміз ауылға Сызғанға баратын болдық. Ол кісі ауылдағыларға деп сөмке толы базарлық алды. Киім-кешек, шай, үнді шайы, №36 шай, конфет, печенье не керек бәрі бар. Сосын мен Әссәтілла көкеме айттым.

-Көке, барған соң әкем не айтады. Сол болады. Мен ол кісінің рұқсатынсыз Алматыға бара алмаймын дедім. Әкенің айтқаны ол кезде заң болатын. Бауырымың бәрі әкемізге тақ тұратын. Бәрі сыйлайды. Екі інім Башқұртстанға кетті. Күйеуімнің әулетінің бәрі Башқұртстанда тұрады. Өзі Башқұртстаннан. Не керек такси ұстап, бәрін артып алып Басбұлақтағы үйге келдік.

-Өтепберген көкеңің үйіне түсеміз бе?- деп едім.

-Жоқ сенің үйіңе түсеміз,- деді. Біздің үйге келіп, әкелген сыйлықтарымызды ауылдағы үйді-үйге екеуміз бөлдік. Әссәтілла көкем мал сойдырып, аруақтарға құдайы ас берді. Құран оқытты.

Ертесіне Әссәтілла көкем әкемнен мені сұрады. «Менің қолымда оқысын» деп. Бірақ әкем рұқсат бермеді. Қара нан жесе де өзімен өзі болсын. Жұрттың әңгімесі керек емес, ұлты басқа, салты басқа, болашағы басқа дегендей келіспейтін сыңай танытты.

**Әңгімелескен:**  
**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,**  
**Қазақстан Жазушылар**  
**Одағының мүшесі.**  
**(Жалғасы бар).**

## Проводится конкурс по передаче в аренду земель сельскохозяйственного назначения по Созакскому району

В соответствии со статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 18апрель 2022 года, 10-00 часов село Шолақорғана, улица Жібек жолы дом №14, здание аппарата акима Созакского района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 28марта 2022 года до 15апреля 2022 года (заканчивается 15.04.2022 год 18-00 часов) село Шолақорғана, улица Жібек жолы дом №40, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района.

2. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалификация специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 18.04.2022 года до 10-00 часов». (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключение конкурсной комиссии 18.04.2022 года.

## СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің шарттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2022 жылы 18сәуір сағ 10- де. Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі №14 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2022 жылдың 28наурыз-ынан – 15сәуіріне дейін (15.04.2022 жыл сағ: 1800 - де аяқталады). Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі №40 үй, «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде жетіне конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» деген 18.04.2022 жылғы сағ 1000- ге дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 18.04.2022 жыл.

## Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабына сәйкес Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды. Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ

Жер учаскесінің Лот№	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, (га)	Жалға беру мерзімі, жыл	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Ауыл округі
1	Жайылым	1878	49	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	Жуантөбе
2	Жайылым	2000	49	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	Жуантөбе
3	Жайылым	1000	49	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	Қаратау
4	Жайылым	422	49	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	Қаратау
5	Жайылым	2000	49	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	Қаратау
6	Жайылым	12000	49	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	8,0	мал шаруашылығы	Қарақұр
7	Жайылым	4054	49	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	8,0	мал шаруашылығы	Қарақұр
8	Жайылым	2300	49	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	8,0	мал шаруашылығы	Созақ
9	Жайылым	550	49	Шалғынды сортаң, тақыр тәрізді жоталы құм	7,0	мал шаруашылығы	Созақ
10	Жайылым	3200	49	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	8,0	мал шаруашылығы	Созақ
11	Жайылым	300	49	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	8,0	мал шаруашылығы	Сызған
12	Жайылым	260	49	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	7,0	мал шаруашылығы	Сызған
13	Жайылым	138	49	Сұр-қоңыр кәдімгі дамымаған орташа құмды саздық	5,0	мал шаруашылығы	Сызған
14	Жайылым	50	49	Жеңіл солтүстік сұр, дамымаған, жеңіл сазды	8,0	мал шаруашылығы	Сызған
15	Жайылым	1000	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Тасты
16	Жайылым	800	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Тасты
17	Жайылым	2100	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
18	Жайылым	2000	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
19	Жайылым	1000	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
20	Жайылым	600	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
21	Жайылым	300	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
22	Жайылым	800	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
23	Жайылым	1000	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
24	Жайылым	500	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
25	Жайылым	800	49	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	Шу
26	Тәлімі егістік	60	49	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	12,0	мал шаруашылығы	Құмкент
27	Тәлімі егістік	70	49	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	14,0	мал шаруашылығы	Құмкент
28	Тәлімі егістік	80	49	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	14,0	мал шаруашылығы	Құмкент
29	Тәлімі егістік	90	49	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	14,0	мал шаруашылығы	Құмкент
30	Суармалы егістік	15	49	Солтүстік жеңіл сұр, кәдімгі суармалы, саздақты	25,0	мал шаруашылығы	Құмкент
31	Жайылым	200	49	Шөлді сортаңды сұр- қоңыр ашық сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	Жартытөбе
32	Жайылым	246	49	Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ	15,0	мал шаруашылығы	Жартытөбе
33	Жайылым	474	49	Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ	13,0	мал шаруашылығы	Жартытөбе
34	Жайылым	500	49	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	7,0	мал шаруашылығы	Шолақорған
35	Жайылым	52	49	Шалғынды сортаң, орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	Шолақорған
36	Суармалы егістік	11	49	Шалғынды сұр, жеңіл солтүстік орта сортаң	20,0	мал шаруашылығы	Шолақорған
37	Суармалы егістік	3,3	49	Шалғынды-қоңыр ашық солтүстік орташа сортаң	20,0	мал шаруашылығы	Шолақорған
38	Суармалы егістік	3	49	Шалғынды-қоңыр ашық солтүстік орташа сортаң	20,0	мал шаруашылығы	Шолақорған

**Суармалы егістік 32,3 га, тәлімі егістік 300 га, жайылым 42524га: Барлығы 42856,3 га**

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді беру туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

**Аудандық жер қатынастары бөлімі.**

## Тері қабыршақтанып, қышыса, тез арада дәрігерге жүгініңіз

Теміреткі (трихофития, микроспория, фавус) – жұқпалы аурулардың біріне жатады, ол адамдар мен жануарларды зақымдайды. Оны тудыратын зандердің (грибок) алуан түрлі типтері бар. Зандер терінің беткі немесе терең қабаттарының ішінде тері қабатының түктерін және шашты зақымдайды.

Теміреткі ауруы кезінде жанға батарлық ауырсыну сезілмейді. Сол себепті науқастар дәрігерге кеш қаралады.

Теміреткі шыққан жерде тері қабаттары қабыршақтанып, шеті қызарып, арнайы сызып қойғандай болып көрінеді. Алғашында кішкене болып, ары қарай ұлғая береді. Асқыну кезінде іріңдеп кетеді. Көп жағдайда науқастар оны өзінің басқа жерлеріне және өзге адамдарға жұқтырып алады. Кей жағдайда, мысалы, теміреткі шап түктеріне шыққанда науқастар ауруын жасырып немесе өздігінен жазылады деп, өздерінше емделіп, асқындырып барып дәрігерге кеш қаралады. Бұл ауру науқас адамның жеке бас гигиенасын сақтамауы салдарынан, бірі бірінің киімін алмасып киюі, бір ортақ тесекті қолдану, бір сүлгіні, тарақты барлық отбасының пайдалануы себебінен басқаларға жұғуы мүмкін.

Теміреткі ауруының өсуін төмендетудің бірден-бір жолы – халықтың осы аурудың жұғу ерекшелігін білуі және теміреткінің алдын алу шараларын іске асырып, күнделікті өмірде пайдалану. Оның алдын алу шараларының бірі – тазалықты қатаң сақтау. Ауру белгілері білінген сәттен дер кезінде дәрігерге қаралып, ем алу керек.

**Қ.АҚҚУЛИЕВ,**

**Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің бөлім басшысы.**

## Хабарландыру

“KAZ Design & Development Group LTD” ЖШС ҚР Экологиялық Кодексінің 57-2 бабының талаптарына сәйкес, 2022 жылдың 5 сәуірінде Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тайқоңыр кенті мекен-жайында мәдениет үйінің ғимаратында “Қоршаған ортаға әсерді бағалау есебі” жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.:

- 11 сағатта “ОҚО Созақ ауданындағы “Қаратау” кенішінде аммиакты тұндыру әдісімен ЗОҚ алу үшін аффинаж өндірісін жылына 5200 тонна уранға дейін кеңейту” жұмыс жобасын түзету бойынша.

- 12 сағатта “Түркістан облысы Созақ ауданындағы “Инкай “БК” ЖШС Сателлит-1, Сателлит-2 кеніштерінің учаскелерінде компрессорларды техникалық қайта жарақтандыру” жұмыс жобасы бойынша.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «Түркістан облысы-ТРЖТТРБ» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында [esorportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru), сондай-ақ [office@kazddg.kz](mailto:office@kazddg.kz) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады: <https://zoom.us/j/61654008596?pwd=alo0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09.> конференция идентификаторы: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады: +77026616646, [amirzhan.dinara@gmail.com](mailto:amirzhan.dinara@gmail.com).

## Объявление

ТОО «KAZ Design&DevelopmentGroup LTD», в соответствии с требованиями ст. 57-2 Экологического кодекса РК, сообщает, что 5 апреля 2022 года по адресу Туркестанская область, Созакский район, п.Тайкоңыр, в здании дома культуры состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет оценки воздействия на окружающую среду»:

- в 11 ч к корректуре рабочего проекта «Расширение аффинажного производства до 5200 тонн урана в год рудника «Каратау» в Созакском районе ЮКО» для получения ЗОУ методом аммиачного осаждения».

- в 12 ч к рабочему проекту «Техническое перевооружение компрессорных на участках Сателлит-1, Сателлит-2 рудника ТОО «СП «Инкай» в Созакском районе Туркестанской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО «УПРПРП Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале [esorportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang=ru), а также по e-mail: [office@kazddg.kz](mailto:office@kazddg.kz).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МИО <https://zoom.us/j/61654008596?pwd=alo0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09.> Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам +77026616646, [amirzhan.dinara@gmail.com](mailto:amirzhan.dinara@gmail.com).

## Йод тапшылығы

Йод – адам ағзасының маңызды бөлігі. Йодтың жеткілікті мөлшері адамды физикалық және ақыл-ой белсенділігі үшін энергиямен қамтамасыз етеді, ағзаның өсуіне, дамуына және жасушалардың қалпына келуіне ықпал етеді. Йодтың тапшылығы болмағанда, адам өзін сергек, өмірлік күшке толы, сау және көңілді сезінеді. Сонымен қатар, йодтың ақыл-ой дамуына тікелей әсер ететіндігіне ғылыми дәлелденген. Соңғы жылдары йод тапшылығының әсерінен қауіпті патологиялар саны көбейе бастады.

Егер адам ағзасы қажетті мөлшерде йод қабылдамаса, түрлі ауруларға шалдығады.

Йод жетіспеушілігі ағзаға қалыпты қабылданып отыратын йодтың жеткілікті дәрежеде болмауынан пайда болады. Йод жетіспеушілігі салдарынан ақыл-ойының артта қалуы, көңіл күйінің тұрақсыздығы, депрессияға ұшырауы мүмкін, әлсіздік, ұмытшақтық, есте сақтау қабілетінің төмендейді. Сонымен қатар, жүйке жүйесімен қоса барлық ағза зардап шегеді. Йодтың 90 пайызын адам тағамнан алады, ал қалғандарын ауа мен судан алады. Сондықтан йод жетіспеушілігінің алдын алуда дұрыс тамақтану басты рөл атқарады. Және де ет, сүт, жұмыртқа ағзаға йод беретін негізгі тағамдар. Бірақ ет пен балықты қайта-қайта мұздатқанда ондағы йод жойылып кетеді. Сонымен қатар көкөністер ішінде – қызылша, қызанақ, сәбіз, картоп, орамжапырақ, пияз, бұршақ, сарымсақ, жеміс-жидектер ішінде – құрма, алма, жүзім, шие, грек жаңғақтарында, ал жармалар ішінде – қара құмық және тары құрамында да йод мол. Сондықтан күнделікті өмірде аталмыш тағамдарды жиі пайдалану – йод жетіспеушілігін болдырмаудың басты жолы.

**А.КУЛМЕНОВ,**

**ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалының Созақ аудандық бөлімшесінің бастығы**

**М.ТОЙШЫБЕКОВА,**

**Санитарлық-гигиеналық зертхана маманы.**

### Жарамсыз деп танылсын

Умиров Изжан Акимжановичтің атындағы “Mitsubishi Pajero” автокөлігінің 412 LAB 13 санды мемлекеттік тіркеу нөмірі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

### Жұмақтан болсын мекенің

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, жаны жайсаң жан **Үсенов Аман** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Мейір шуақ шашып өттің көңілден,**

**Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден.**

**Сыйлы едің көпшілік жүрті, туысқа,**

**Өнеге ал өсті ұрпақ өзіңнен.**

**Енді Алла шапағына бөленіп,**

**Орының болсын жаннаттың кең төрінен,**

- деп, асыл әкеміз Үсенов Аманның рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекежат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 7 наурыз күні (6 наурыз – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Тоқберген көшесіндегі №7 үйде беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары.**



Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Қарақұр жалпы орта мектебінің ұжымы зейнеткер ұстаз

**Жұмашова Дариганың**

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Ағаш ек, тал ек, туған жерді түлет!

Көктем келген сайын жыл сайын сексеуіл көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Осынау табиғат байлығының өсу мен айналаға керік беріп жайқалуы әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Таза экология, таза ауа, құмның тұрақтауы, жасыл белдеулі аймаққа айналып, ондағы жан-жануарларымыздың еркін жүруі ертеңгі ұрпағымыз үшін аманат. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жылында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу тұрақты жүзеге асырылып ке-

## Орман елдің байлығы

леді.

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғыны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-

өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақта-сақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парызың орындалғаны болар еді.

**Алтынбек ДҮЙСЕБЕКОВ,**  
**Қаратау мемлекеттік табиғи қорығының күзетші-қорықшысы.**

## Құмды алқаптың қорғаны

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессен, он тал ек», - деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғыны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

**Ж.АЛЖАНОВ,**

**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

## Сексеуіл алқабын өрттен сақтайық!

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі өте маңызды орынды алады. Әр орман шаруашылығы орманды өрттен қорғау жоспарын жасайды. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын түгелдей бөлімшелерге бөледі де схемаға кіргізеді. Схемада көлік жолдары, тұрғын үй пункттері, кардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын тұрғылар, хабар қабылдайтын пункттері, өрт шығы қауіпі бар объектілер белгіленеді. Өрт қауіпсіздігі құрлығының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру сынды қызметтер белгіленеді.

Сексеуіл алқаптарын өрттен сақтау-өте маңызды Өмірден алынған мысалдарды келтіріп газет, радио, теледидар арқылы өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру қажет. Документалды кинофильмдер де үлкен әсерін тигізеді. Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде түрлі-түсті плакаттар, хабарламалар арқылы өртке қарсы тұру көркені насихаттың да маңызы зор. Дер кезінде, сапалы жүргізілген өрт қауіпсіздігінің шаралары орман сияқты халық байлығын өрттен аман сақтап қалуға ықпалын тигізеді. Табиғатқа шығып, таза ауада демалушы аудан тұрғындарына айтарымыз, қоршаған ортаны қорғау ережелерін қатаң сақтағандарыңыз абзал. Себебі, табиғат адамзаттың басты байлығы болып табылады!

**Жасұлан АМАНГЕЛДІ,**  
**Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**



## Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет

Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамы деген заманда әрбір адам өз құқықтарымен қатар міндеттерін де білген жөн.

Заңды аттамай тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу-заман талабы.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Осы орайда жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Омарбекованың ұйымдастыруымен және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұмәділ Бақыттың бастамасымен 10 сынып оқушылары арасында «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық» атты пікірталас кездесуі өткізілді. Пікірталастың негізгі мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықбұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдер арасындағы белең алып келе жатқан қылмыс пен құқықбұзушылыққа жол бермеу.

Іс-шараға арнайы құқық қорғау өкілдері Мыңжасар Қанат пен Дүйсен Нұрсұлтан қатысып, тақырып бойынша өз кеңестерін айтып, оқушылармен ой бөлісті. Пікірталас барысында оқушылар 6 топқа бөлініп, «Ұрлық», «Әлеуметтік желілердің құқық бұзушылыққа ықпалы», «Тыйым салынған заттарды пайдаланбау», «Әлімжеттік», «Алаяқтық», «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» деген тақырыптар бойынша постер қорғады.

Пікірталастың «Мен заңды қаншалықты білемін?» атты кезеңін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұмәділ Бақыт ағайымыз жүргізді. Оқушылар заң бойынша білімдерін ортаға салды. Пікірталас өте тартысты өтті.

«Ел болам десең, бесіңді түзе» деп атам қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақытында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, сондай-ақ, мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылыққа қарсы түрлі тақырыпта іс-шаралар өткізілсе, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізеді.

Заңды білмеу, оны бұзу-жауапкершіліктен құтқармайтын жас ұрпақтың білгені абзал.

**Салтанат ҮРІСТЕМОВА,**  
**Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат -лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

## Қызмет сапасы туралы жиын өтті

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Түркістан облысы бойынша филиалының 2021 жылғы қала/аудандық мамандандырылған халыққа қызмет көрсету бөлімдерімен көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасы бойынша, ТО ПД Әкімшілік полиция басқармасының және мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің қатысуымен жиналыс өтті. Негізгі бас тартулар бойынша А.Мәди, А.Уманова сөз сөйлесе, мемлекеттік қызмет көрсету барысында орын алып жатқан проблемалық мәселелер бойынша Ф.Үсенұлы,



Н.Оспанов, арыз-шағымдар бойынша Н.Сериков таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бірнеше жұмыстар талқыланды.

**Торғын УАЛИХАНОВА,**  
**Созақ аудандық Халыққа қызмет көрсету бөлімінің маманы.**

## Ауған соғысы ардагері оқушылармен кездесті



15 ақпан күні мектебіміздің тәлімгері А.Иманбекова мен қосымша білім беру педагогі К.Мыңжанованың ұйымдастыруымен «Біздің өлкенің қаһармандары» жобасымен «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» тақырыбында 7-сынып оқушыларының қатысуымен Ауған соғысы ардагерімен кездесу өткізілді. Кездесу кешінің қонағы өзіміздің жерлесіміз, әріптесіміз, мектебіміздің интернат меңгерушісі, ауған соғысының ардагері Д.Нұрма-

ханов оқушыларға соғыс жылдарындағы бастан кешкен оқиғаларын айтып, естеліктерімен бөлісті. Кездесу барысында оқушылар ардагерге көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, кездесу кеші сыр-сұхбатпен жалғасын тапты. Кездесу соңында оқушылар ардагер ағайымен естелік суретке түсіп, ерекше әсермен тарасты.

Өткізілген іс-шараның мақсаты Дәулет Нұрмаханов ағайымызды ауған соғысы ардагері ретінде оқушыларға таныта білу, ауған соғысы жайлы мағлұмат беру, ардагер ағайымызбен ашық әңгімелесу, сонымен қатар, ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу болды.

**Ақбаян ОМАРБЕКОВА,**  
**Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат -лицейінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

## Қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін сақтау болып табылады

Ішкі сауда (Ет дүңгіршік) нысанында сатуға келген барлық мал өнімдерімен шикі заттарында ілеспе ветеринариялық құжаттары болуы тиіс және де сату нүктелеріне түскен ауыл шаруашылық малдарының хшалары міндетті түрде арнайы мал сою орындарында сойылуы керек. Жеке аулада сойылған малдарды ішкі сауда нысандарына шығарып сатуға қатаң түрде тыйым салынады.

Ішкі сауда (Ет дүңгіршік) объектілеріне жылы, суыған, салқындатылған, тоңазытылған барлық мал түлігінің етімен қосымша өнімдеріне үй құсы етіне, шикі, шикілей, ысталған және пісірілген күйдегі ет өнімдеріне, кез-келген күйдегі майларға міндетті

түрде ветеринариялық-санитариялық сараптама жасалады.

Ішкі сауда (Ет дүңгіршік) нысандарына ет ұшалары және ет өнімдері міндетті түрде арнайы мал сою орнында сойылып, алдын ала тексеру мөрі қойылған, мал сою нысандарына есептік нөмері көрсетілген, ветеринариялық ілеспе құжатпен тасымалдап әкелінеді. Содан соң, міндетті түрде ветеринариялық зертханадан, ветеринариялық - санитариялық сараптамадан өткізілуі тиіс.

Ет, сүт өнімдері және басқа да мал өнімдері ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтуі тиіс. Ветеринариялық - санитариялық сараптама жұмыстарын ветеринариялық зертха-

на мамандары жүргізеді және ет өнімдеріне сараптамадан өткеннен кейін мөр таңба басады. Барлық сараптамадан өткен өнімдерге сараптама актісі беріледі.

Өнеркәсіптік өңдеуге жатқызылатын ет және ет өнімдерін ішкі сауда нысандарына сатуға жол берілмейді. Арнайы ветеринариялық ілеспе құжаты болмаған жағдайда ет пен ет өнімдері күмәнді деп танылады және барлығы жойылады.

Мал өнімдері мен шикізаттың адам өміріне қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік ветеринариялық қызмет пен мал өнімдерін ветеринариялық - санитариялық талаптарға сай сойып, өңдеп ішкі сауда нысандарына өткізу

мал өсіретін заңды және жеке тұлғалардың басты міндеті. Сол себептен әркім заң аясында өзіне тиісті мемлекеттік, азаматтық міндетін орындауы абзал.

Құрметті тұтынушы! Ішкі сауда (Ет дүңгіршік) объектісінен ет, сүт өнімдері және басқа да мал өнімдерін сатып алар алдында, сатушыдан ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткізілгені туралы сараптама актісін сұраңыз! Қадағалау қатаң, бақылау бекем болса, тұтынытын тағам да адал әрі сапалы болары анық.

**А.УТЕПОВ,**  
**ҚР АШМ ВБжҚК Созақ аудандық аумақтық инспекция басшысының міндетін атқарушы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан**  
**БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**САЙЛАУБЕКҰЛЫ**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.